

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## "Тіршілік көзі - еңбекте" әдебиеттік оқу 4 сынып

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.05.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimgger.kz/74610/

Ақтөбе қаласы, №51 гимназия		
Сабақ тақырыбы: Тіршілік көзі еңбекте		
Күні:	Мұғалімнің есімі: Кульмуратова Г.А.	
Сынып: 4	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Сабаққа негізделген оқу мақсаты	4.2.3.1 - шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу. 4.3.2.1. таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (бес жолды) жазу	
Сабақ мақсаттары:	<b>Барлық оқушылар:</b> Өз ойын, сезімін, көзқарасын ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір айта алады. Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, жаңа сюжет енгізе алады. Оқиға жүйесіне жоспар құрастыра алады. Тақырыпқа сәйкес сурет салып, иллюстрация негізінде әңгімелейді. <b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Мәтінді оқып, оқиға желісін анықтап, қорытынды шығара алады. <b>Кейбір оқушылар:</b> Өзгенің өмірінен тәрбиелік жағдаятын ашып көрсете алады.	
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	Өз ойын, сезімін, көзқарасын ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір айтады. Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, жаңа сюжет енгізеді. Оқиға желісін анықтап, қорытынды шығара алады.	
Тілдік мақсаттар	<b>Тілдік дағдылар. Терминология. Сөз тіркестері:</b> Тіршілік атаулы – бүкіл тіршілік, Антарктида	
Құндылықтарды дарыту	Адамгершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік сезімдерін кеңейту	
Пәнаралық байланыстар	жаратылыстану, дүниетану	
АКТ қолдану дағдылары	Электронды тапсырмалар.	
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім		
<b>Жоспар</b>		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы	<p><b>1. Ұйымдастыру кезеңі.</b> Білім деген байлық бар. Еш байлық оған жетпейді. Жасыңда оқып, жиып ал. Тепкілесен кетпейді. Өртіңе де күймейді. Ұрылар да тимейді Жатып ішер жамбастап, Жалқауды ол сүймейді <b>«Мозайка»</b> әдісі арқылы топқа бөлу I топ «Білім» II топ «Бақыт» III топ «Байлық» IV топ «Еңбек» Топ ережесін пысықтау. Бейнефильм арқылы бүгінгі өтілетін тақырыпты анықтау. Мұғалім: — олай болса, балалар, бүгін біз Р.Мәженқызының «Есік қаққан еңбек» мәтінімен танысамыз. <b>Райхан Мәженқызы</b> (07.05.1956 ж.т., Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сарыжаз селосында дүниеге келен.) – жазушы, баспагер, ғалым. 1978 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогика институтының математика факультетін бітірген. Оқу мақсатын таныстыру — Өз ойын, сезімін, көзқарасын ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір айта алады. — Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, жаңа сюжет енгізе алады. — Оқиға желісін анықтап, қорытынды шығара алады.</p>	

<p><b>Ортасы</b></p>	<p><b>Мағынаны тану</b>                  «Түсініп ал1» » Есік қаққан еңбек» Райхан Маженқызы                  Аудио тыңдалым                  Іштей оқу. Мәтінді іштей оқи отырып «Түртіп алу» әдісі арқылы таныс емес сөздерді белгілейді.  <b>«Жаңа сөздер сандығы» айдары</b>                  Тіршілік атаулы – бүкіл тіршілік (ЖЖ) <b>Сурақтарға кезектесіп жауап беріңдер.</b>                  1. Тіршілік үшін еңбек ету керектігін Қоңыз қалай түсінді?                  2. Барлық жан-жануарлар Еңбекті не үшін жақсы көреді?  <b>Дескрипторы:</b>                  1. Сурақтарға толық жауап береді.                  2. Мәтіннің мазмұнын өз сезімдерімен байланыстырып баяндайды.  <b>ҚБ: Бірін-бірі бағалау</b>  <b>Толтық жұмыс</b>  <b>I топ</b>                  — Еңбектің рөліне еніп, ертегі мазмұнына оқиға қосып сөйлеу  <b>Критерий:</b>                  Шығармадағы негізгі ойды анықтай отырып, өз көзқарасын білдіру  <b>Дескрипторы:</b>                  — Мәтіннің мазмұнын өз сезімдерімен байланыстырып баяндайды;                  -Тақырыпқа сәйкес сурет таңдап, иллюстрация негізінде әңгімелейді  <b>Кері байланыс</b> «Үш шапалақ».  <b>II топ «Мен зерттеушімін»</b>                  Берілген кітаптардан еңбек туралы мақал -мәтел немесе өлең жолының бірін таңдап, мазмұнын ашу, негізгі ойды анықтау.  <b>Критерий:</b>  <b>Тақырыпқа сай мәліметті табады</b>  <b>Дескриптор:</b>                  —Мақал-мәтелді таңдай алды;                  -Мақалдың мазмұнын ашады. өз ойын жеткізеді.                  ҚБ: «Бағдаршам» әдісі.  <b>III топ</b>                  «Бес жолды өлең» Еңбек»  <b>Критерий:</b>                  Еңбек сөзін қатыстырып бес жолды өлең құрастырады  <b>Дескриптор:</b>                  -Сөз таптарын ажыратады;                  -Мазмұнды сөйлем құрай алады;                  -Мәндес сөзін анықтайды.                  ҚБ: «Жетістік баспалдағы» әдісі.                  IV топ                  Еңбекке хат жазу  <b>Дескриптор:</b>                  — Тақырыпқа сай ойын жүйелі жеткізе отырып хат жаза алады;                  -Сөйлеу нормаларын сақтайды.                  ҚБ: «смайлик» әдісі.  <b>«Қорытындыла» айдары</b> «Попс» формуласы                  -Жазушы саяхатшы Еңбек арқылы нені көрсетпекші болды?                  Менің ойымша.....                  -Тіршілік атаулыға ғажайып өмір сыйлағысы келген Еңбекке қандай баға бересіңдер?                  «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»                  Соңғы сөйлем:                  «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»</p>	<p>Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
<p><b>Аяқталуы</b></p>	<p>Кері байланыс: «Ашық микрофон»  <b>Үйге тапсырма:</b> Ертегі мазмұны бойынша жоспар жазу</p>	
<p><b>Қосымша ақпарат</b>                  «А» Еңбекке бейім болсаң, Қатарыңнан ..... болмайсың.                  Еңбек қылып,                  Озінді ..... бағала                  Үлкендерден көмегіңді .....                  «В» Сөз тіркестерінің бірінші сөзінің алғашқы әрпі бойынша еңбекқор жәндіктің атын тап (кіші әріптен баста).  <b>Күресіз жер қазған -</b>  <b>Қыл мен шөптен ұя салған</b></p>		
<p>«С»                  Адамға, бір-біріне жақсылық жасаған қандай ертегі кейіпкерлерін білесің? (сәйкестендіреді)</p>		
<p>Сарадау — Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</p>		
<p>1. Бағалау — Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?</p>		
<p>Сабақ бойынша рефлексия                  Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?                  Бүгін оқушылар не білді?                  Сыныптағы ахуал қандай болды?                  Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?                  Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?                  Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>		
<p>Қорытынды бағамдау</p>		
<p>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p>		
<p>1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсарту алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p>		
<p>1. 2. Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?</p>		
<p>1. 2.</p>		

**КМ АА** Күзлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.